

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

---

**ҚАЗАҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ГУМАНИТАРЛЫҚ-ЗАҢ УНИВЕРСИТЕТІ**

**АНЫҚТАМАЛЫҚ - ЖОЛКӨРСЕТКІШ**

**Семей 2016**

## УНИВЕРСИТЕТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Университет тарихы 1998 жылдан басталады. Университет Қазақ мемлекеттік заң академиясының филиалы ретінде қызметін бастаған.

2007 жылғы жоғарғы оқу орындарын оңтайландыру және нығайту процесіне байланысты қаланың екі университетінің- Семей қаласының заң институты мен М.О.Әуезов атындағы университеттің бірігуі орын алды.

2009 жылғы 6 ақпаннан бастап білім беру мекемесінің атауы «Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті» деп өзгертілді.

**Университет миссиясы:** аймақтың индустриалды-инновациялық дамуын көздейтін әртүрлі бағыттағы жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімі бар бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау.

**Болжау:** Қоғамның өзгерісте болатын қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған аймақтық университет.

Университеттің стратегиялық дамуының **басты мақсаты Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы интеграция жағдайында жұмыс атқара алатын бәсекеге қабілетті мамандарын кешенді даярлау болып табылады.**

2018 жылға дейінгі алға қойылған мақсаттарға жету үшін университет келесі міндеттерді анықтайды:

- Менеджменттің заманауи технологиясы негізінде басқару;
- Үздіксіз білім беруді дамыту жолымен өмір бойы оқу мүмкіншілігін қалыптастыру;
- Инновациялық технологиялар негізінде білім беру қызметтерінің түрлерін дамыту және сапасын арттыру;
- Білім беру қызметіне сұранысты болжау және жинақталған топты басқару прогнозирование спроса на образовательные услуги и управление набором;
- Нарықта талап етілетін ғылыми бағыттардың дамуы үшін аймақтық бизнеспен және өнеркәсіппен қарым-қатынасты нығайту;
- Ғылым мен мәдениет облысында халықаралық әріптестікті дамыту, өзара іс-қимылдың жаңа түрлерін қалыптастыру;
- Ұлттық және халықаралық деңгейде оқытушылар, студенттер және магистранттарды кең ауқымда академиялық ұтқырлықпен қамту;
- Жетекші ғалымдарды, ғылыми ұжымдар, ғылыми және ғылыми-педагогикалық мектептерді қолдау;
- Префессорлық-оқытушылық құрамның шет тілді коммуникативті құзіреттілігін қамтамасыз ету;
- Материалдық-техникалық базаның және ғылыми-білім беру ортасының жақсаруы;
- Жастардың белсенді азаматтық орнын анықтап алу, олардың бойында әлеуметтік жауапкершілікті, патриоттық сезім және лидерлік қасиеттерді қалыптастыру;
- Соңғы нәтижеге бағдар жасау.

**ҚазИГЗУ** өз қызметінде ҚР-ның «ҚР-дағы білім беру туралы» заңы, ҚР-ның білім және ғылым Министрлігінің нормативті құжаттары, білім беру мекемесі «Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің» жарғысына сүйенеді.

Жоғарғы алқалы басқару органы Ғылыми Кеңес болып табылады.

2009 жылдан бастап университеттің жарғы функцияларын жүзеге асыруы және қаржылық қолдауды қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базасын нығайтуға септігін тигізу мақсатында қызметтің ұйымдастырылуына қызығушылық танытатын атқарушы органдармен қарым қатынаста болатын қоғамдық орган ретінде қамқоршылық кеңесі құрылды.

Бүгін де ҚазИГЗУ жоғарғы білікті профессорлық-оқытушылық құрамы бар көпсалалы ЖОО. ҚазИГЗУ университеттердің Ұлы Хартиясына қол қоюшы болып табылады. (15-17 қыркүйек 2010 ж. Болонья, Италия).

Университет халықаралық білім беру ассоциациялардың мүшесі болып табылады:

Азия елдері университеттерінің ассоциациясы (Ресей федерациясы) (Азия елдерінің университеттерінің ассоциациясын құру туралы меморандум 30.06.2012);

Қазақ-Белорус ғылыми-білім беру консорциумы (9 қараша 2012 жылғы қосылу туралы хаттама);

Болон үрдісінің қағидаттары енгізілді.

Университетте бакалавриат- 28 мамандығы, магистратура -7, докторантураның -1 мамандығы бойынша 4000-ға жуық білім алушы бар.

Универсиетте 4 факультет (заң, гуманитарлық, ақпараттық-техникалық, қаржы-экономикалық) және 10 кафедра жұмыс істейді.

ҚазИГЗУ Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті тарапынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық байқауларға қатысу үшін аккредитациялаудан өтті. (ҚР БЖҒМ 22.08.2011 ж. № 001789 Аккредитациялау туралы куәлігі )

ҚазИГЗУ Болон үрдісінің қағидаттарын енгізу негізінде жалпы білім беру кеңістігінің интеграциясына септігін тигізетін Ресей, Қырғызстан, Түркия, Италия, Ұлыбритания университеттерімен әріптестік туралы келсімшарт жасасты.

Аталған келісімшарттар академиялық және ғылыми алмасуларды дамыту бойынша, семинарларға қатысу, бірлескен конференция, симпозиумдар өткізу, жобаларды жасау тәжірибесімен алмасу, бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, білім беру мен ғылымды қолдауға арналған әртүрлі фондтардың қаржылық қолдауы бойынша бірлескен қызметтерді қарастырады.

Университетте студенттердің патриоттық тәрбиесіне баса назар аударылады.

«Жас заңгерлер достастығы» ҚҚ (ЖЗД) мүшелері соңғы жылдары ШҚО ішкі саясат Департаментінің 6 грантын жеңіп алды.

ЖЗД ШҚО жас мемлекеттік қызметкерлер ассоциациясы, «Нұр Отан» ХДП жанындағы «Жас Отан» Жастар қанатының ШҚО-дағы филиалы, ҚР Президентінің халықаралық «Болашақ» стипендиясының стипендиаттары ассоциациясының ШҚО-дағы филалдарымен әріптестік жөнінде меморандум жасады.

Студенттік өзін-өзі басқару жалпы универсиеттік жүйенің ажырамас бөлігі болып табылады және студенттік өмірді ұйымдастырудың маңызды қызметтерін жүзеге асырады. Студенттік өзін-өзі басқарудың басты мақсаты болып болашақ мамандардың бойында лидерлік қасиеттерін қалыптастыру табылады.

Біріңғай ақпараттық жүйе құрылған, оқу үрдісін кітапханалық қамтамасыз ету заманауи талаптарға сай. Университет ақпараттық базаларға электронды пошта және ғаламдық INTERNET желісі арқылы жол ашады.

Мультимедиялық оқыту бағдарламалары мен ақпараттық ресурстарды қолдануды қоса алғанда оқытудың ақпараттық технологиясын енгізуге, электронды оқулықтарды, корпоративтік және аймақтық желілерді жасауға үлкен маңыз беріледі.

Университетте «Университет хабаршысы» ғылыми журналы шығарылады.

27.08.2011 жылғы ҚР Үкіметінің № 997 қаулысымен ҚазИГЗУ жанынан әскери кафедра ашылды.

## **КРЕДИТТІК ЖҮЙЕМЕН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстан білім беру мен маман даярлау бойынша жаңа парадигманы жасауда және білім беру үрдісіне енгізуде, әлемдік жаһандану жағдайында жоғарғы білім берудің сапасы мен бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру мақсатында кредиттік білім беру жүйесіне көшуде

Жоғарғы оқу орын оқытушылары мен білім алушылардың мобильділіктерін жоғарлату мақсатында, сондай-ақ еліміздің білім беру мекемелеріндегі білім берудің барлық деңгейлерін тиімді етіп және жалпы білім беру жүйесін жақсарту мақсатында бірыңғай кредиттік технология жүзеге асырылуда.

Кредиттік технологиямен оқытуда оқу жұмыстарының күрделілігі білім беру үрдісі барысында берілген материалдың көлемімен есептеліп, кредитпен өлшенеді. Кредиттік технология жинақтаушы болып, алдында барлық білім беру деңгейлері бойынша меңгерген кредиттердің үдемелі өсуін меңзейді.

Қазақстан Республикасындағы білім беру ісінің басты мақсаты тек білімнің білік пен дағдының жиынтығы ғана емес, осыларға негізделген әлеуметтік және кәсіби біліктілік, өздігінен ізденіп талдау жасауға, сондай-ақ сауатты шешім қабылдау үшін ақпаратты тиімді пайдалануға, өмірде мақсат қоя білуге, қазіргі дүниеде болып жатқан өзгерістерге бейімделуге баулу.

Оқытудың кредиттік жүйесі – бұл білім алу траекториясын студенттердің өз бетімен таңдауы негізінде білімді шығармашылықпен игеруі және өздік тұрғыда білімін арттыруы көзделетін оқу үрдісін ұйымдастырудың әдісі.

Кредит - студенттің оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғайландырылған бірлігі. Бір кредит 15 апталық академиялық кезеңнің әрбір аптасындағы аудиториялық жұмыстың бір академиялық (50 мин.) сағатына тең.

Оқытудың аяқталуының міндетті шарты ретінде студенттің кредит бөліктерінің бекітілген көлемін алу белгіленген: теориялық оқу кредиті бойынша 129-дан немесе 5805 теориялық бөлім сағатынан және кәсіби тәжірибенін 6 кредиті немесе 270 сағатынан төмен болмауы керек.

Пәндерді оқып үйренуге студенттерді ұйымдастыру, деканатқа немесе офис-регистраторға жүктеледі. Әрбір студенттің білім траекториясын айқындайтын дербес оқу жоспарлары жекелеген студенттердің әрқайсысымен әрбір оқу жылына эдвайзердің жетекшілігімен белгіленеді.

Кредиттік оқыту жүйесі - өзіндік білім беру мен білімді шығармашылықпен меңгеру деңгейіне оқу үрдісін реттеу шеңберінде білім беру траекториясын таңдау мен кредит түріндегі білім көлемін ескеру негізіне бағытталған жүйе.

## ТҮСІНІК СӨЗДІК (ГЛОССАРИЙ)

Академический календарь - академиялық күнтізбе (Academic Calendar) оқу жылына арналған оқу және бақылау шараларының күнтізбесі, онда демалыс күндері де көрсетіледі (каникул, мереке күндері).

Академический период - академиялық кезең (Term) - ЖОО-ның тандаған түрлі оқу нысанының бірінің теориялық оқыту кезеңі:

- 15 апталық семестр;
- 10 апталық триместр;
- 8 апталық тоқсан.

Академический рейтинг обучающегося - білім алушының академиялық рейтингі (Rating) - бағдарламалық материалды игеру деңгейінің сандық көрсеткіші, ол аралық аттестация (Қорытынды бақылау) нәтижесінен құралады.

Академическая степень - академиялық дәреже (Degree) - білім алушылардың жоғары кәсіптік білім бағдарламасына сәйкес дәрежені игеруі. Дәрежені мемлекеттік қорытынды аттестацияның нәтижесі бойынша жоғарғы оқу орны береді.

Академический час - академиялық сағат - дәріс, тәжірибе (семинар) сабақтарының 1 сағатына (50 мин) тең немесе студиялық сабақтардың 1,5 сағатына (75 мин) немесе зертханалық сабақтардың 2 сағатына (100 мин), сондай-ақ оқу тәжірибелерінің барлық түрлерінің 1 сағатына (50 мин), педагогикалық тәжірибенің барлық түрлерінің 2 сағатына (100 мин), өндірістік тәжірибенің барлық түрлерінің 5 сағатына (250 мин) тең.

Академическая справка - академиялық анықтама (Transcript) - өткен оқу кезеңінде оқытылған пәндердің кредиттері мен бағалары көрсетілген тізбесінен тұратын, белгіленген үлгідегі құжат.

Активные раздаточные материалы - қолға үлестіріліп берілетін материалдар (Hand-outs) - білім алушыларды тақырыпты (лекция тезистерін, сілтемелерді, мысалдарды, глоссарийді, өздік жұмысы тапсырмасын) өз мәнінде меңгеруге арналған сабақ барысында үлестіріліп берілетін белсенді көрнекі материалдар.

Ассистент, доцент, профессор (Assistant Professor, Associate Professor, Professor) - ЖОО-дағы -профессор-оқытушылар құрамының лауазымдары.

Бакалавр, магистр, доктор (Bachelor, Master, Doctor) - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім бағдарламасын меңгерген адамдарға берілетін академиялық дәрежелер.

Двухдипломное образование - екідипломдық білім беру нысаны - екі бірдей оқу жоспары бойынша білім алу мүмкіндігі. Аталған білім алу нысаны нәтижесінде екі бірдей диплом (Double Major) немесе негізгі және қосымша (Major- Minor) диплом алуға болады.

Кредиттерді жинақтаушы және трансферттің еуропалық жүйесі - Білім беру траекторияны, білім беру мекемені немесе білім алып жатқан елді ауыстыру жағдайында меңгерген оқу пәндерді (кредиттер мен бағаларды)

салыстыру және қайта сынақтан өткізілуі белгілі бір білім беру бағдарламалары компоненттеріне (пәндер, курстар, модульдар) сынақ бірліктерін тағайындау арқылы жүзеге асырылады.

Запись на учебную дисциплину - оқу пәніне жазылу (Enrollment) - білім алушылардың оқу пәндеріне белгіленген тәртіпте алдын-ала жазылу процедурасы.

Индивидуальный учебный план - Жеке оқу жоспары - Эдвайзердің көмегімен типтік оқу жоспары мен элективті пәндер жинағы негізінде жасалатын студенттердің жеке оқу жоспары.

Итоговый контроль - қорытынды бақылау (Final Examination) - білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру үшін, оқу пәнін оқып-үйреніп біткеннен кейін, яғни академиялық кезең аяқталғаннан соң жүргізілетін тексеру; оны өткізу нысаны - емтихан (жазбаша, тест түрінде, ауызша).

Кредитная система обучения - кредиттік оқу жүйесі - өздігінен білім алуды шығармашылықпен игеру деңгейін оқу үрдісін реттеу шеңберінде білім траекториясын жеке тандауы және кредит түріндегі білім көлемін ескеру, арттыруға бағытталған білім беру жүйесі.

Кредит - білім алушы/оқытушының оқу жұмысы көлемін өлшеудің бірыңғайландырылған бірлігі. Бір кредит білім алушының академиялық кезеңдегі бір апталық академиялық аудиториялық сағатына сәйкес келеді. Әрбір дәрістік, тәжірибелік (семинар) және студиялық сабақтардың академиялық сағаты міндетті түрде 2 сағаттың (100 мин). Бакалавриат студентінің өздік жұмысымен (СӨЖ) қоса жүргізіледі.

Контроль учебных достижений обучающихся - Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру - Жоғарғы оқу орнының қалауы бойынша студенттердің білімдерін әр түрлі тексеру нысандары (ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау)

Описание дисциплины - пән сипаттамасы - пәннің қысқаша сипаттамасы (5-8 сөйлемнен аспайды).

Офис Регистратор – Тіркеу бөлімі (Office of Registrar) - білім алушының оқу жетістіктерінің барлық тарихын тіркеу қызметі, білімді бақылау түрлерінің барлығын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Рабочий учебный план - Оқу жұмыс жоспары - Білім беру мекемелермен әр мамандық бойынша типтік оқу жоспарының және білім алушылардың жеке оқу жоспарларының негіздерінде жасалатын құжат.

Промежуточная аттестация обучающихся - Білім алушылардың аралық аттестациясы - Сессия кезіндегі білім алушылардың белгілі бір пәнді қаншалықты меңгергендерін бағалау.

Пререквизиты - пререквизиттер - берілген пәнді оқып-үйрену үшін талап етілетін білім, біліктілік пен дағдылары көрсетілген пәндер.

Постреквизиты - постреквизиттер - берілген пәнді оқып-үйренуді аяқтау үшін талап етілетін білім, біліктілік пен дағдылары керсетілген пәндер.

Программа дисциплины - пән бағдарламасы (Syllabus) - окитын пәннің сипаттамасы, мақсаты мен міндеті, қысқаша мазмұны, тақырыбы, әр сабақтың өту мерзімі, өздік жұмыс тапсырмалары, кеңестер (консультациялар) беру уақыты, оқытушының талпаптары, баға өлшемдері, межелік бақылау кестесі, әдебиеттер тізімі енгізілген пәннің оқу бағдарламасы.

GPA (орташа балл) - студенттің таңдаған бағдарламасы бойынша бір оқу жылындағы жетістіктері деңгейінің орташа өлшемді бағасы (қорытынды бақылау бағасы балының сандық баламасына шаққандағы кредит сомасының қатынасы).

Рубежный контроль успеваемости - межелік үлгерім бақылауы - студенттің оқудағы жетістігін жүйелі тексеру оны академиялық күнтізбеге сәйкес тьютор жүргізеді.

Самостоятельная работа студента под руководством преподавателя (СРСР) - білім алушының өздік жұмысы - (ОЖСӨЖ) - тест, бақылау жұмысы, коллоквиум, реферат, шығарма, есеп түріндегі бақыланатын, оқу-әдістемелік әдебиетпен және кеңестермен қамтамасыз етілген нақты тақырыптар тізбесі, білім алушылардың сипаттарына байланысты (СӨЖ) - студенттің өздік жұмысы болып бөлінеді. Студенттің оқытушы жетекшілігімен орындайтын өздік жұмысы (ОСӨЖ).

**Тьютор** - студенттерге нақты пәнді меңгеруде академиялық кеңесші рөлінде және оқу пәндерін жүргізетін оқытушы.

Текущий контроль успеваемости - сабақ үлгерімін ағымдық бақылау - пән бойынша дәріс беретін оқытушы өткізетін оқу пәнінің әр тақырыбы және тарауы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі тексеру.

Учебный план - оқу жоспары - оқу пәндерінің білім берудің тиісті деңгейіне сәйкес тізбесі мен көлемін реттейтін негізгі құжат.

Эдвайзер (Advisor) - бітіруші кафедраның тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық ұстаз-жетекшісі міндетін атқарушы оқытушы. Эдвайзер оқу кезеңі бойы білім алушыға оқу траекториясын таңдауға, жеке оқу бағдарламасын игеруге ықпал етеді.

## **ОҚУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетіндегі оқу үрдісі, бекітілген студенттердің жеке оқу жоспарлары, жылдық оқу жоспары, академиялық күнтізбе, сабақ кестесі және студенттердің оқытушы жетекшілігімен өткізілетін өздік жұмыстарға кеңес беру кестесі негізінде жүзеге асырылады.

Оқушының оқу жүктемесінің көлемі студенттің оқу жылы бойы әрбір пән бойынша меңгерілетін кредит немесе академиялық сағат түрінде өлшенеді.

Оқу жылы 1 қыркүйектен басталады.

Оқу жылы академиялық кезеңдер, аралық бақылау, каникул және іс-тәжірибе кезеңдерінен тұрады. Бітіруші курста оқу жылына соңғы мемлекеттік бақылау кезеңі енгізіледі.

Университетте бекітілген академиялық кезең түрі – семестр.

Академиялық кезең түрінің ұзақтылығы нысанына қарай 15 жұма семестр үшін, 10 жұма триместр үшін және 8 жұма квартал (тоқсан) үшін болады.

Күндізгі және кешкі оқу түрі бойынша оқитын студенттердің академиялық кезеңі 15 апта. Күндізгі және кешкі оқу түрі бойынша оқитын студенттердің аралық бақылау кезеңі бір оқу жылына 1 аптадан кем болмауы керек.

Сырттай оқитын барлық мамандықтардың студенттерінің емтихандық сессиясы екі ағыммен (әрбір ағым 4 аптадан кем емес) жоспарланып өткізіледі. Әрбір академиялық кезеңнен кейін студенттерге демалыс (каникул) беріледі. Бір оқу жылындағы демалыстың ұзақтылығы 7 аптадан кем болмауы керек.

Оқу жылы 6 аптадан тұратын жазғы семестр енгізуі арқылы ұзартылуы мүмкін.

Жазғы семестр студенттердің өтініші бойынша қосалқы пәндерді жетік меңгеру үшін, оқу жоспарларындағы оқу айырмашылықты, академиялық қарыздарын жою үшін қосымша төлем ақы негізінде ұйымдастырылады. Соңғы бақылау түрі – емтихан. Пәнді меңгеруден кейін аралық бақылау кезеңінде өткізіледі.

Сырттай оқитын студенттер емтихандық сессияға жіберіледі, егер оның алдыңғы курс бойынша академиялық қарыздары болмаса. Сонымен қатар емтиханға дейін бақылау жұмыстары есептелініп, курстық жұмыстары қорғаудан өтуі керек.

Емтихандық сессияға жіберу факультет деканының өкімімен жүзеге асырылады.

Келісімшарт бойынша оқитын және төлем ақысын өтемеген студенттер сессияға жіберілмейді.

Сырттай оқитын студенттер бірінші ағымның емтихандық сессиясына қатыспай, сол себеппен оқудан шығарылса, онда ол ағымдағы оқу жылының екінші емтихандық сессиясына қатысуы үшін оқуға қайта қабылданбайды.

Оқу бағдарламаларының мазмұны жоғары білім беру мемлекеттік стандарттарына сәйкес бекітіліп оқу жоспарлары арқылы жүзеге асырылады. Оқу үрдісін жоспарлау келесі құжаттар арқылы жүргізіледі:

- Типтік оқу жоспары
- Дербес оқу жоспары
- Жылдық оқу жоспары
- Академиялық күнтізбе

Типтік оқу жоспары білім беру саласындағы белгіленген өкілетті органмен бекітіледі. Мұнда міндетті компоненттер бойынша жеке пәндерге бөлінген кредит көлемі және оқыту семестрі белгіленген. Таңдауы бойынша компоненттерге бөлінген жалпы кредиттер саны бекітілген. Іс-тәжірибе өту кезеңі анықталған. Бір оқу жылына жасалып, ғылыми кеңес шешімі негізінде ректордың қолымен бекітіледі.

Жылдық оқу жоспары міндетті және таңдау компоненттеріне жататын пәндердің тізімі, кредит көлемі, оқу реті, оқу және бақылау түрі анықталған. Типтік оқу жоспарына қосымша элективті пәндер каталогы жетілдіріледі. Бұл каталогта таңдау компоненттеріне жататын барлық пәндерді оқудың жүйеленген түрі, әр пәннің қысқаша мазмұны, оқу мақсаты мен міндеттері анықталып көрсетілген. Элективті пәндер каталогында әрбір пәннің пре- және постреквизиттері көрсетіледі. Элективті пәндер каталогында пәнді таңдау альтернативасы ұсынылады.

Дербес оқу жоспары – бір оқу жылындағы жеке студенттің оқу траекториясын анықтайды.



Дербес оқу жоспары (ДОЖ) (қосымша Г) студенттің оқу траекториясын белгілейді және әрбір оқу жылына эдвайзердің көмегімен студенттің өзі белгілеген түрде қалыпқа келтіріледі.

Бұл жоспарларды екі данада факультет деканы бекітеді: біреуі - деканатта сақталады, екіншісі - студентке тапсырылады.

Әрбір студент тіркеу басталудың алдында тиісті деканатта немесе тіркеу бөлімінде ДОЖ танысады және өзінің оқу траекториясын таңдайды.

Бірінші курс студенті сабақ басталар алдында (15-25 тамыз) тіркеу бөлімінен бірінші курстарға арналған дербес оқу жоспарының дайын нұсқасын алады, онда ол ағымдағы жылдың 30 тамызына дейін өзінің түзетулерін енгізе алады. Дербес оқу жоспарына одан әрі өзгерту жыл бойына рұқсат етілмейді.

Екінші курс және одан жоғары курс студенттері келесі оқу жылына (белгіленген түрде) өзінің дербес оқу жоспарын эдвайзермен кеңес алғаннан кейін құрастырады, оған қол қояды және тіркеу бөліміне 1 ақпаннан 1 наурыз аралығында тапсырады.

Сырттай оқитын студенттердің оқу жоспарын дайындау қысқы емтихандық сессия соңында – 2-4 курс студенттері үшін, бекіту сессиясынан соң – 1 курс студенттері үшін жүргізіледі.

Жаңа оқу жылына дербес оқу жоспарын өзгерту (кредиттің жалпы санынан кем дегенде 10% көлемінде) ағымдағы оқу жылының 26 тамызына дейінгі мерзімде енгізілуі мүмкін. Мұндай жағдайда тіркеу бөліміне өзгерістерді керсету арқылы жазбаша тапсырыс түседі.

Оқу жылы бойы дербес оқу жоспарына өзгеріс енгізуге тиым салынады

Жеке оқу жоспарын талдаудың нәтижесі бойынша факультет декандары ағымдағы жылдың 10 наурызына дейін жаңа оқу жылына жұмыс оқу жоспарын құрастырады.

## **СТУДЕНТТЕРДІ ТІРКЕУ**

Күзгі семестрдің бірінші курсына тіркеу талапкерлердің университетке өтініш беруінен басталады және ағымдағы жылдың 30 тамызында аяқталады.

Екінші курс және одан жоғары курс студенттерін келесі оқу жылының күзгі және көктемгі семестріне тіркеу 1 наурызда аяқталады. (қосымша Е) Жазғы семестрге студенттерді тіркеу 1 наурыздан басталады және емтихан сессиясы аяқталғанға дейін жалғасады.

Оқытудың кредиттік жүйесі бойынша уақыт мөлшеріне сәйкес оқу-әдістемелік кеңестің шешімімен әрбір элективті пәндер бойынша пәндерді ашуға арналған қажетті студенттер саны белгіленеді, ал әрбір оқытушы үшін - оқу легінде студенттердің мүмкінді жоғары саны белгіленеді.

Егер аталған пәнге 1 наурызға дейін студенттердің саны белгіленгеннен төмен болған жағдайда пән ашылмайды (жұмыс оқу жоспарына енгізілмейді). Эдвайзер бұл туралы ақпараттық тақтаға және университеттің сайтында хабарландыру жасайды. Осы пәнге жазылған студенттер 10 сәуірге дейін эдвайзермен бірігіп жеке оқу жоспарларын өзгертулер енгізуі тиіс.

Егер студент осы құқықтарын қолдана отырып оқу жоспарына егізілген элективті курсты басқа элективті курспен ауыстыруына қайта өтініш бермесе, рентабельдік емес курсты ауыстыру туралы шешімді тіркеу бөлімі қабылдайды.

Егер берілген оқытушыға белгіленгеннен көп студенттер саны тіркелсе, онда кафедра осы пән бойынша екінші (қажет жағдайда - одан да көп) оқу легін қалыптастырады және өзінің қарастыруы бойынша оған білікті оқытушыларды тағайындайды. Осыдан соң студенттер жазбалардың кезегі негізінде лек бойынша және олардың дербес рейтингі бойынша таратылады.

## **БІЛІМДІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ**

Студентерінің білімін бақылау мен бағалау баллдық-рейтингтік жүйе (БРЖ) бойынша жүзеге асырылады. БРЖ ағымдағы бақылауды, межелік бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүргізуді ұйғарады.

Ағымдық бақылау оқу үрдісінде студенттің білімін, оның аудиториялық сабақтардағы белсенділігі мен өздік жұмыстарын уақытылы орындауын жүйелі тексеруге бағытталған. Әрі студенттің семестр бойындағы жұмысын, яғни практикалық сабақтарға қатысуын (семинар), ОЖСӨЖ жұмыстарын орындауын, ағымдық бақылауларды тапсыруын бағалау жүргізіледі. Ағымдық бақылау оқытушымен жүргізіледі (лектормен). Ағымдық бақылауды бағалау тәртібі пән бойынша силлабуста көрсетілген.

Білім алушылардың оқу пәндері бойынша бақылау түрі - емтихан. Емтихан нәтижесі көп баллды әріптік жүйе бойынша оқу курсы соңында бағаланады. Ағымдық және межелік бақылаудың барлық түрлері мен сәйкес бағаларды оқытушы қояды. Аталған баға белгіленген оқу пәнінің қорытынды бағасының 60 %-ын құрайды. Межелік (рейтингтік) бақылау академиялық кезеңнің 8-інші немесе 15-інші аптасында өткізіледі. Ағымды емтихан пән бойынша қорытынды білім бағасының 40 %-нан кем болмауын қадағалайды.

Пән бойынша қорытынды емтихан бағасын қояр кезде емтиханда алған бағасын қояр кезде емтиханда алған балл мен семестр бойындағы ағымдық үлгерімнің орташа алы ескеріледі.

Семестрлік ағымдық балл бірінші және екінші межелік бақылау нәтижесі арқылы анықталады.

Қорытынды әріптік баға мен оның балл бойынша сандық баламасы №1 кестеде көрсетілген пайыздың мазмұнымен анықталады.

Қорытынды нәтиже оқу пәнін студенттің меңгергеру деңгейімен сипатталынады, БРЖ бағалау өлшемдерімен емтихан ведомостіне енгізіледі және әріптік, баллдық және пайыздық өлшеммен белгіленеді.

Қорытынды бағаның есептеу формуласы:

$$Иэ = РИ * 0,6 + Э * 0,4$$

Иэ – қорытынды емтихан бағасының пайыздық мөлшері

РИ – қорытынды межелік бақылау бағасының пайыздық мөлшері

Э – емтихан бағасының пайыздық мөлшері

0,6 және 0,4 - коэффициенттер

Кесте №1. Әріптік эквиваленттегі балдар және пайыздағы бағалар

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың эквивалент саны	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	100	Өте жақсы
A-	3,67	90 – 94	
B +	3,33	85 – 89	Жақсы
B	3,0	80 – 84	
B -	2,67	75 – 79	
C +	2,33	70 – 74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65 – 69	
C -	1,67	60 – 64	
D +	1,33	55 – 59	
D	1,0	50 – 54	
F	0	0 - 49	Қанағаттанарлықсыз

Бақылаудың барлық түрлерінің қорытындысы нәтижелері бойынша білім алушының академиялық кезеңдегі және студенттің білім рейтингі анықтау, яғни GPA (ОБ) орташа баллы регистр бөлімімен саналады.

Қорытынды орта балл GPA білім алушының жетістіктерінің деңгейінің орташа есептелінген бағасын төмендегі формула бойынша есептеп шығарады:

$$GPA = \frac{\sum (I_1 \times K_1 + I_2 \times K_2 + \dots + I_n \times K_n)}{\sum (K_1 + K_2 + \dots + K_n)}$$

мұндағы  $I_1; I_2; \dots; I_n$  - пәндер бойынша қорытынды сандық эквивалент;

$K_1; K_2; \dots; K_n$  – кредиттегі оқытылатын пәндер көлемі;

$n$  – жыл (семестр) бойынша оқытылатын пәндер саны;

Аралық аттестация нәтижесі бойынша (қорытынды бақылау) офис-регистратор студенттердің рейтингісін белгілейді. Студенттердің академиялық рейтингі оқу орнының Ғылыми Кеңес шешімімен белгіленген түрлі академиялық жеңілдіктер мен артықшылықтарды пайдалануға негіз болады.

Студенттердің қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайында ағымдық/межелік және аралық аттестацияны қайтадан өтуі белгілі себептер болмаған жағдайда қарастырылмайды.

Пән бойынша қорытынды баға ағымдық үлгерім бағасы мен қорытынды тексеру бағасынан (емтихан бағасы) құралады. Білім алушымен меңгерген белгілі бір оқу пәні бойынша ағымдық үлгерім бағасы сол пән бойынша рейтингтік бақылау 60 пайызын, ал сол пән бойынша қорытынды бақылау бағасының 40 пайызын құрайды.

Жақсы баға меңгерген кредиттер санын белгілі бір оқу пәні бойынша бекітілген кредиттер санымен толықтыруға негіз болып студенттің транскриптіне қойылады.

Қорытынды бақылауды (емтихан) «қанағаттанарлық емес» бағаға тапсырған жағдайда, оқу пәні бойынша қорытынды баға есептелмейді. Қорытында бақылауда алынған жақсы бағаны жоғарлату мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Келесі академиялық кезеңде немесе ақылы түрде өткізілетін жазғы семестрде жақсы баға алу үшін сол пәннің оқу жоспарымен қарастырылған оқу жұмыстарының барлық түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алып қорытынды тексеруді қайта тапсырады.

Қорытынды бақылау нысанында "қанағаттанарлықсыз" баға алған студенттер сол пәнді қайтадан тыңдап, келесі академиялық кезеңде ақылы негізде қайтадан тапсыруға құқылы.

Академиялық үлгермеушілік - студенттердің оқу пәні бойынша қорытынды бақылаудағы үлгермеушілігі. Академиялық үлгермеушілік емтиханда "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда немесе емтиханға келмеген жағдайда болуы мүмкін. Студент мұндай жағдайда ағымдық академиялық кезеңді аяқтау үшін қажетті кредит көлемін жинақтай алмайды.

Студенттің пән бойынша жалпы бағасы ағымдық және межелік бақылаудың барлық түрі, сондай-ақ СОӨЖ орындау барысы нәтижесі үшін және қорытынды бақылау нәтижесі бойынша қойылады.

Әрбір студент өзінің академиялық рейтингі туралы дәйекті мәліметтерді деканаттан, тіркеу бөлімінен және порталдағы жеке кабинетінен біле алады.

Деканат студенттің орташа балы (GPA) бекітілген орташа балдан жоғары болып, кейбір сабақтардан "қанағаттанарлықсыз" бағаларының болуына қарамастан келесі курсқа көшіруді жүзеге асырады. Курстан курсқа көшу үшін студенттің балы бекітілген орташа балдан (GPA) кем болмауы керек.

Студент курсты оқып бітіргеннен кейінгі барлық бағаларымен жинақтаған кредит көлемі транскриптке енгізіледі. Транскрипт - студенттің бір немесе бірнеше оқу орындарында қалыптасқан білімі мен дағдыларының академиялық деңгейін бейнелейтін ресми құжат.

## **ЕМТИХАН СЕССИЯСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

Емтихан сессиясының мерзімділігі мен ұзақтылығы университеттің ғылыми кеңесі бекіткен академиялық күнтізбе мен жұмыс жоспарына сәйкес анықталады. Университетте оқу семестрінің аяқталуы бойынша ұзақтылығы үш аптадан тұратын екі емтихан сессиясы қарастырылған - қысқы және жазғы. Жазғы емтихан сессиясының нәтижесі бойынша студенттерді курстан курсқа ауыстыру туралы ректордың бұйрығы шығарылады.

Студенттер жұмыс және дербес оқу жоспарларында қарастырылған барлық емтиханды қатаң түрде оқып тапсыруы тиіс, сондай-ақ барлық оқу түріне арналған бірыңғай бекітілген бағдарлама бойынша тапсырады.

Студенттердің қорытынды рейтингісі және төлем ақысы бойынша факультет деканы емтихан сессиясын тапсыруға рұқсат береді. Студент пән бойынша емтиханға жіберіледі егер қорытынды рейтинг мөлшері 50%-дан жоғары болса.

Емтихан тапсыруға бөгде адамдардың қатысуына оқу бөлімінің меңгерушісі, тіркеу бөлімінің меңгерушісі және факультет деканының рұқсатынсыз рұқсат етілмейді.

Емтихан нәтижесі ведомосқа қойылады және қорытынды бақылау өткізілген күні жарияланады. Емтихан ведомосының көшірмесі емтихан аяқталған соң үш күннен кешіктірілмей деканатқа және кафедраға тапсырылады. Құрама емтихан ведомосы үш күндік мерзімде емтихан сессиясы аяқталған соң деканатқа тапсырылады.

Емтиханның қорытындысы бойынша бағаларымен келіспейтін студенттер апелляцияға беруге құқы бар (Қосымша Д).

Берілген курстың оқу жоспарының талаптарын толық орындаған, барлық емтиханды табысты тапсырған және орташа өту баллдарының белгіленген деңгейін жинаған студент университет ректорының бұйрығымен келесі курсқа көшіріледі.

Курстан курсқа көшу үшін орташа өту балл университеттің шешімімен белгіленеді және жыл сайын оқу-әдістемелік кеңесте қарастырылады.

Белгіленген мерзімде емтиханды ауырып немесе басқа себепті жағдайлармен тапсыра алмаған студенттерге факультет деканы өзінің жарлығымен олардың тапсыруына жеке мерзім белгілейді және бұл шешім тіркеу бөліміне тапсырылады.

Академиялық үлгермеушілікті жою үшін студент Тіркеу бөліміне (Қосымша Б) өтініш беріп, жеке оқу жоспарын толтыруы, қайта дәріс тыңдауы қажет және ақылы негізде осы пән бойынша басқа қарастырылатын сабақтарға қатысуы тиіс, бақылаудың қорытынды түріне рұқсат ала алады.

Үлгермеушілікті жою жазғы семестрде оқу үрдісінің белгіленген кестесімен және академиялық күнтізбе мерзімімен жүзеге асады.

Әрбір емтихан сессиясының нәтижесі транскриптке (The transkript) енгізіледі, оның біреуі деканатта сақталады, ал екіншісі - студенттің қолына беріледі.

## АПЕЛЛЯЦИЯ

Апелляция - студенттердің біліміне объективті емес баға қоюда қалыптасқан факторларды айқындау мен жою мақсатында жүргізілетін іс - жосығы (процедура).

Апелляция егер жиынтық (суммарлық) рейтингке эсер еткенде немесе студенттердің білімінің қорытынды бағасын көтерген жағдайда ғана белгіленеді.

Апелляция студенттің бастамасы бойынша келесі жағдайда жүргізіледі:

- тестілік тапсырмалардың ішінара дұрыс құрылмағаны болса;
- тестілік тапсырманың дұрыс жауабы болмаса;
- тестілік тапсырманың бірнеше дұрыс жауабы болса;
- тестілік тапсырма пәннің оқу-әдістемелік топтамасында баяндалған оқу бағдарламасы шегінен тыс шыққан болса;

Апелляция емтихан өткеннен кейінгі келесі күні белгіленген үлгі бойынша студенттің өтініші негізінде жүргізіледі.

## СТУДЕНТТЕРДІ ОҚУДАН ШЫҒАРУ

Студенттерді оқудан шығару университет ректорының бұйрығымен ресімделеді.

Студент мына жағдайларда университеттен шығуы мүмкін:  
өз еркімен;

ақылы оқытудың келісім-шарт талаптарын орындамағанда;

студент университеттен басқа ЖОО-ға ауысқанда;

медициналық көрсеткіші бойынша;

Үш рет қайтадан оқу нәтижесі бойынша академиялық үлгермеушілік болған жағдайда;

бір академиялық кезеңде кем дегенде 12 кредитті меңгермегенде:

Университет Жарғысын (оқу пәндерін және ішкі тәртіп ережесін) бұзғаны үшін;

Университеттен шығарылған студенттерге белгіленген үлгіде академиялық анықтама (Transcript) беріледі.

Студент оқудан шыққан жағдайда оның университетпен байланысы аяқталады. Білімі туралы өзінің құжатын алу үшін студент белгіленген тәртіпте университетпен есептесуі қажет, жүгіртпе (обходной) қағазын толтырады және оны университеттің статистика бөліміне тапсырады.

## СТУДЕНТТЕРДІ АУЫСУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ

Күндізгі оқу түрінің студенттерінің ауысуы мен қайта қабылдау туралы өтініші қысқы немесе жазғы каникул кезінде жұмыс оқу жоспарының айырмасын тапсыруымен қарастырады.

Күндізгі және сырттай, кешкі оқу түрінде білім алушылардың ауысу мен қайта қабылдауына өтініш мекеме жетекшісі қайта кезекті академиялық кезең басталмас бұрын бес жұмыс күн ішінде өтінішті қабылдайды.

Сырттай оқу түрінің студенттерінің қайта қабылдауға өтініші кезекті емтихан сессиясына оқу сабақтарының басталуына дейін, ал басқа жоғары оқу орындарына ауысу туралы өтініш қысқы немесе жазғы каникул кезінде қарастырылады.

Ауысқанда және қайта қабылданғанда жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылықтар және академиялық кезеңде оқып кеткен пәндері анықталады.

Жұмыс оқу жоспарларындағы академиялық айырмашылықтар білім ұйымы жетекшісімен оқу карточкасы немес транскриптті бойынша бұрын меңгерілген пәндерінің сағаттарын, кредит санын есепке ала отырып анықталады.

Егер оқу жоспарындағы пәндердің оқу айырмашылығы кем дегенде міндетті компонентке жататын 5 пәннен аспаса, онда студенттерді тиісті курсқа ауыстыру мен қайта қабылдау жүзеге асады.

Курстан курсқа ауысудың негізгі шарты білім алушының үлгерімнің орта балы (GPA) ЖОО белгілеген ауысу балынан кем болмауы керек.

Университет бойынша бекітілген орташа балы (GPA) ол;

### **Бакалавриат**

### Күндізгі

1-ші курстан 2-ші курсқа – 1,33

2-ші курстан 3-ші курсқа – 1,67

3-ші курстан 4-ші курсқа – 2,00

### Сырттай немесе кешкі

1-ші курстан 2-ші курсқа – 1,67

2-ші курстан 3-ші курсқа – 2,00

### **Магистратура:**

1-ші курстан 2-ші курсқа – 2,00

ЖОО-на ауысу мен қайта қабылданудың негізгі шарты 15 кредиттен кем емес оқу жоспарымен бір академиялық кезеңді толық аяқтаған болуы керек.

Сондай-ақ, білім алушы кез келген оқу түріне, мамандығына және зі таңдаған жоо-на қайта қабылдану кезінде оқудан шығару мерзіміне тәуелсіз ауысуына болады.

Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдауда курсы пререквизиттерді есепке ала отырып анықталады. Меңгерген кредиттер білім алу траекториясына сәйкес қайта есептеледі.

Пән айырмашылықтарын анықтауда қорытынды бақылау түрі есепке алынбайды.

Сынақ әріптік минималды D (1.0; 50-54%) максималды A (4,0; 95-100%) бағалауына теңестіріледі.

Білім алушының курстан курсқа көшуі жазғы сессиясы қорытындысы бойынша және жинаған көшу балы қорытындысын есепке ала отырып жүзеге асырылады. Курстан курсқа көшу ЖОО жетекшісі бұйрығымен жүзеге асады.

Білім грантымен білім алушы көшу балын жинаған және келесі курсқа көшкен жағдайда академиялық қарызы болса, оны ақылы түрде жояды, бірақ бұл жағдайда білім гранты сақталады.

Білім грантымен білім алушы өзге ЖОО-на білім грантын сақтап ауыса алады.

Мақсатты грантпен оқуға түскен білім алушы басқа ЖОО-на ауысқан жағдайда білім гранты сақталмайды.

Оқу жылының қорытындысы бойынша жазғы семестрде де көшу балын жинай алмаған білім алушы қайталап оқу курсына қалдырылады.

Өайталап оқу курсына қалдырылған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспарымен немес жаңа оқу жоспарымен білім алады.

Қайталап оқу курсына қалдырылған білім алушы білім гранты иегері грантынан айырылады және ары қарай ақылы түрде білім алуын жалғастырады. ЖОО шығарылған білім алушы кез келген оқу түріне, мамандыққа, ЖОО-на қайта қабылдануына болады. Қайта қабылдаудың студентке қоятын міндетті шарты болып кем дегенде бір академиялық кезеңді аяқтау болып табылады.

Ақылы түрде білім алушы білім алудың ақысын төлемегендіктен оқудан шығарылған жағдайда, оқу қарызын толық төлеген соң оқудан шығару күнінен бастап төрт апта ішінде қайта қабылдануына болады.

Білім алушылар қатарына қайта қабылдау оқу жоспарындағы пәндерді жою тек ақылы түрде жүзеге асады.

Бір мамандықтан екінші мамандыққа ауысу тек ақылы түрде жүзеге асады.

Басқа ЖОО-нан ауысқан жағдайда студент Офис-тіркеуші және мамандық эдвайзерімен бірге жазғы семестрге пән айырмашылықтарын жою үшін (Б қосымшасы), жеке оқу жоспарын бекіту үшін (Ж қосымшасы) өтініш жазуы керек.

Ақылы негізде білім алушы студент университет Ғылыми кеңесінің шешімімен мемлекеттік білім алу грантына көшуге құқығы бар. Сонымен бірге ол студенттің бағасы «А» дан «В-» дейін болуы керек.

Оқу жоспары пәндердегі академиялық айырмашылығын жою үшін білім алушы академиялық кезең ішінде барлық оқу сабақтарына қатысып, барлық ағымдық бақылауды тапсырып, қорытынды бақылауға рұқсат алады.

Оқу жоспары пәндердегі академиялық айырмашылық уақытында жойылмаса, академиялық қарыз болып саналады.

1-топтық емтихандық сессияға қатыспаған және сол себепті оқудан шығарылған сырттай оқу түріндегі студенттер ағымдағы оқу жылындағы 2-топ емтихандық сессиясына қатыса алмайды.

## **ЖАЗҒЫ СЕМЕСТРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Жазғы семестр жұмыс оқу жоспары және академиялық күнтізбемен белгіленген мерзімде ұйымдастырылады және қосымша білім алу немесе академиялық үлгермеушілігін жою мақсатында ақылы негізде өткізіледі.

Жазғы семестрде оқу ақысы әр пәнге, оған бөлінген кредиттер санына байланысты болады және әр пән үшін кредиттер саны бойынша университет бухгалтериясына ақысы төленеді.

